

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША / БАЯНДАМАЛАР

Баланың жан-жақты дамуындағы ойынның маңызыЖАРИЯЛАНДЫ
10.08.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/15779/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Тулеева Айжан Жексенбаевна

Ойын әрекетінде баланың психикалық қасиеттері мен жеке басының ерекшеліктері неғұрлым тез қалыптасады. Ойын кезінде іс-әрекеттің кейін дербес мәнге ие болатын өзге түрінің де негізі қаланады.

Ойын-балалардың күнделікті тиімді іс-әрекеті. Ол балалар үшін әлеммен қарым-қатынас кезінде туындайтын шексіз қажеттілік пен қызығушылығынан туындайтын іс-әрекеттердің бір түрі. Ойын кезінде балалардың ойлауы мен елестеу қабілетінің ерекшеліктері, оның белсенділігі, қарым қатынасқа түсудің қажеттілігі ашық көрінеді.

Ойын тілдің дамуына өте зор ықпал тигізеді. Ойын жағдайы оған араласқан әрбір баладан тіл қарым-қатынасы дамуының белгілі бір деңгейін талап етеді. Егер баланың ойынның барысына қатысты өз тілегін анық айтуға мүмкіндігі болмаса, егер ол бірге ойнап отырған өз жолдастарының сөз арқылы берілген нұсқауларын түсінуге қабілеті жетпесе, онда ол құрдастарына мысал болады. Құрдастарымен түсіну қажеттілігі ұйқасымды тілдің дамуына себепші болады. Ойын арқылы бала өз бетінше еңбектенуді үйренеді. Ойын барысында қасындағы құрдастарының пікірін бағалауға, ойын қатысушыларымен қарым-қатынасқа түсуді, ойынның ережелерін қолдану және оларға бағынуға үйренеді.

Ойын сөйлеу тілі дамуы менсөздік қатынастың құралы және белсендірудің қайнар көзі деп айтуға болады.

Баланың іс-әрекетінің жемісті түрлері саналатын сурет салу мен құрастыру мектепке дейінгі балалық шақтың түрлі кезеңдерінде ойынмен тығыз байланысты. Мәселен, сурет сала отырып бала қандай да бір сюжетті ойнайды. Балар өзара қырықсып жатқан, бірін-бірі қуып бара жатқанаңдардың, қонаққа бара

жатқан және қонақтан қайтып келе жатқана адамдардың, соққан желден құлап түсіп жатқан алманың т.б. суреттерін салады. Текшелерден бірдеңені құрастыру ойын барысында ұштасады. Шофер роліналған бала блоктарды құрылысқа апарды, сосын осы блоктарды машинадан түсіретін жүктүсіруші болады, ақырында ол үй тұрғызушы құрылысшы-жұмысшыға айналады. Бірлесіп ойнағанда бұл міндеттерді бірнеше бала өзара бөліседі. Сурет салуға, құрастырушылыққа деген ынталары басында тек ойын мақсатына сәйкес сурет салуға, құрастыруға бағытталған процесс ретінде болады. Тек мектепке дейінгі естияр да ересек жастағы балалар да ынта іс-әрекетінің нәтижесіне ауысады да іс ойының палына назат етіледі.

Ойын-баланың тәрбиелеу және дамуының күшті стимулы, жас өспірімдерге өалыптасқан әлеметтік білімді, тәжірибені беру тәсілі. Ойын әрекеті баланың жан-жақты дамуына бағытталған және мектеп жасына дейінгі тәрбиелеудің негізгі тарапының бірі болып есептеледі. Атап айтқанда ойын барысында оқу, тәрбие, дамыту және түзету міндеттері тиімді шешіледі.

Тілді дамыту мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жұмыстарының негізгі болуы тиіс, өйткені баланың сөздік қорының нығаюы оның танымдық қабілетін арттырып, сана — сезімін кеңейтеді.

Тіл — халықтың ажары, базары, бағы. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, өзінің айналасында болып жатқан өзгерістерді, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан — жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуына ең алдымен ата — анасы міндетті.

Бала тілінің дамуы негізінен эмоциялық ортаға, әр баланың отбасында қалыптасқан әкесі мен анасының, атасы мен әжесінің, үлкен мен кішінің қарым — қатынасына тығыз байланысты. Баланың өзге адамдармен қарым — қатынасының негізгі де отбасында қалыптасады. Бүгінгі техникалық мүмкіндіктер жақсы дамыған заманда ата — аналардың да мүмкіншіліктері кеңейе түсуде. Теледидар арқылы көрсетілетін ертегілер мен қойылымдар, ойындар баланың тілдік дамуына өз әсерін тигізеді сөзсіз.

Сонымен түйіндеп айтарымыз, мектепке жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда ойындарды тиімді пайдалану осы бағыттағы атқарылатын игі іс — шаралардың нәтижесіз қалмайтындығының айқын дәлелі деп санаймын.